

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРАЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ  
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»  
ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



2024. 11 (2)  
сәуір-маусым

ISSN 2710-3994



ISSN 2710-3994 (online)

*Құрылтайшысы және баспагері:* Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген. Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (дүниежүзі және Қазақстан тарихы), деректану және тарихнама, археология, этнология, антропология.

*Жарияланым тілдері:* қазақ, орыс, ағылшын.

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: [edu.history@bk.ru](mailto:edu.history@bk.ru)

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы  
Тарих және этнология институты 2024  
© Авторлар ұжымы, 2024

**БАС РЕДАКТОР**

**Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

**РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА**

**Аяған Бүркітбай Гелманұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

**Әлімбай Нұрсан** — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**Әбіл Еркін Аманжолұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

**Вернер Кунтһиа (Werner, Cynthia)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

**Голден Кэти Стромайл (Kathie Stromile Golden)** — PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University). (АҚШ)

**Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

**Қожамжарова Дария Пернешқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

**Кожирова Светлана Басиевна** — саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры. (Қазақстан)

**Дайнер Александр (Diener Alexander)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Канзас университеті. (АҚШ)

**Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. (Қазақстан)

**Көмеков Болат Ешмұхамедұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

**Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы** — филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

**Моррисон Александр (Morrison Alexander)** — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

**Муминов Ашірбек Құрбанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

**Римантас Желвис (Želvys Rimantas)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

**Самашев Зайнолла Самашұлы** — археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР ҒЖБМ ҒК Ө. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

**Смағұлов Оразақ Смағұлұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

**Сыдықов Ерлан Бәтташұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

**Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

**ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР**

**Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы** — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР**

**Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы** — PhD, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Астана қаласындағы филиалының директоры. (Қазақстан)

**Қапаева Айжан Тоқанқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**Кубеев Рустем Жаулыбайұлы** — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ**

**Копеева Сания Жуматайқызы** — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

*Учредитель и издатель:* РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»  
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации  
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство  
о регистрации:

№ 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:  
история (всемирная история и история Казахстана), источниковедение и историография,  
археология, этнология, антропология.

*Языки публикации:* казахский, русский, английский.

*Адрес редакции и издательства:*

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: [edu.history@bk.ru](mailto:edu.history@bk.ru)

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz>

© Институт истории и этнологии  
имени Ч.Ч. Валиханова, 2024  
© Коллектив авторов, 2024

**ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР**

**Кабульдинов Зиябек Ермуханович** — доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

**РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

**Алимбай Нурсан** — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**Абиль Еркин Аманжолович** — доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

**Аяган Буркитбай Гелманович** — доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

**Вернер Синтия (Werner, Cynthia)** — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

**Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden)** — PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University). (США)

**Дайнер Александр (Diener Alexander)** — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет. (США)

**Исмагулов Оразак Исмагулович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

**Карибаев Берекет Бахытжанович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби. (Казахстан)

**Кожамжарова Дария Пернешовна** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М. Ауэзова. (Казахстан)

**Кожирова Светлана Басиевна** — доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований. (Казахстан)

**Кокебаева Гульжаухар Какеновна** — доктор исторических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая. (Казахстан)

**Кумеков Болат Ешмухамбетович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

**Матъжанов Кенжехан Слямжанович** — доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова. (Казахстан)

**Моррисон Александр (Morrison Alexander)** — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

**Муминов Аширбек Курбанович** — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

**Римантас Желвис (Želvyš Rimantas)** — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

**Самашев Зайнолла Самашевич** — археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А. Маргулана КН МНВО РК. (Казахстан)

**Сыдыков Ерлан Батташевич** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

**Таймагамбетов Жакен Кожаметович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

**ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР**

**Каипбаева Айнагуль Толганбаевна** — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ**

**Козыбаева Махаббат Маликовна** — PhD, директор филиала в г. Астана Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**Капаева Айжан Токановна** — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**Кубеев Рустем Джаулыбайулы** — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ**

**Копеева Сания Жуматаевна** — сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

ISSN 2710-3994 (online)

*Founder and publisher:* RSE on REM “Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology” of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. 14602-IIA dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history (world history and history of Kazakhstan), source studies and historiography, archeology, ethnology, anthropology.

*Publication languages:* Kazakh, Russian, English.

*Editorial and publisher address:*

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: [edu.history@bk.ru](mailto:edu.history@bk.ru)

Journal website: <https://edu.e-history.kz>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute  
of History and Ethnology, 2024  
© Group of authors, 2024

**EDITOR-IN-CHIEF**

**Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

**EDITORIAL BOARD**

**Alimbay Nursan** — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Abil Yerkin Amanzholovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK. (Kazakhstan)

**Ayagan Burkitbai Gelmanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State SCMSHE RK. (Kazakhstan)

**Werner, Cynthia** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

**Golden Kathie Stromile** — PhD, Mississippi Valley State University. (USA)

**Ismagulov Orazak Ismagulovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

**Karibayev Bereket Bakhytzhonovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan)

**Kozhamzharova Daria Perneshovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University. (Kazakhstan)

**Kozhirova Svetlana Bassieвна** — Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies. (Kazakhstan)

**Diener Alexander** — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

**Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Abai Kazakh National Pedagogical University. (Kazakhstan)

**Kumekov Bolat Eshmukhambetovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

**Matyzyanov Kenzhekhan Slyamzhanovich** — Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art. (Kazakhstan)

**Morrison Alexander** — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

**Muminov Ashirbek Kurbanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

**Rimantas Želvys** — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

**Samashev Zainolla Samashevich** — archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

**Sydykov Erlan Battashevich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

**Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

**EXECUTIVE EDITOR**

**Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna** — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

**ACADEMIC EDITOR**

**Kozybayeva Makhabbat Malikovna** — PhD, Director of Astana branch of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Kapaeva Aizhan Tokanovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Kubeyev Rustem Dzhaulbayuly** — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**TECHNICAL SECRETARY**

**Kopeyeva Saniya Zhumataevna** — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

## ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY


Published in the Republic of Kazakhstan  
Electronic scientific journal "edu.e-history.kz"  
Has been issued as a journal since 2014  
ISSN 2710-3994.  
Vol. 11. Is. 2, pp. 333–346, 2024  
Journal homepage: <https://edu.e-history.kz>

FTAXP / МПНТИ / IRSTI 03.20.  
[https://doi.org/10.51943/2710-3994\\_2024\\_38\\_2\\_333-346](https://doi.org/10.51943/2710-3994_2024_38_2_333-346)

## THE VIZIERS OF CHAGATAI KHAN IN THE WORK "MU'IZZ UL-ANSAB"

Zhirenov Askar Asanovich<sup>1</sup>, Oshan Zhanymkhan<sup>2</sup>

<sup>1</sup>RES «ҒЫЛЫМ ОРДАСЫ» CS MSHE RK  
(29, Shevchenko Str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)  
PhD student of al-Farabi Kazakh National University  
 <https://orcid.org/0000-0003-2914-0659>. E-mail: [seikhuni.kz@mail.ru](mailto:seikhuni.kz@mail.ru)

<sup>2</sup>Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology  
(28, Shevchenko Str., Almaty, 050010, Republic of Kazakhstan)  
Candidate of Historical Sciences (History), Senior Researcher  
 <https://orcid.org/0000-0002-5767-2794>. E-mail: [zhan918@mail.ru](mailto:zhan918@mail.ru)

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2024  
© Zhirenov A.A., Oshan Zh., 2024

**Abstract.** *Introduction.* Today, one of the main issues that historians pay attention to is to examine the written relics and historical sources in the Persian and Turkic Chagatai languages in their original form and determine the features of the monuments. Identifying the historical works written in the Persian-Turkish language of the Middle Ages and studying them from the point of view of data analysis allows to enrich the content of previous scientific achievements and expand the topic with new information. *The purpose and tasks of the research.* To study the nature of the historical data written in Persian, Turkish and other languages in the Middle Ages about the "viziers" of the Shagatai dynasty. To review the main viziers and emirs of the Shagatai dynasty according to the works written in the Persian and Turkish Chagatai languages, and to reveal their peculiarities. *Results.* As a result of the use of textual, data, hermeneutic, and comparative studies, the article focused on the problem of clarifying the chronological aspects of historical figures. *Conclusion.* In conclusion, it can be seen that the scientific significance of the article will be increased by making a conclusion about the influence of the Turkish language in the Persian versions and vice versa, the Turkish language in the Persian versions through the linguistic and cultural studies conducted on the written heritage.

**Keywords:** Chagatai, ulus, vizier, khagan, data analysis, tribes, written monuments

**Acknowledgments.** The article was prepared within the framework the program-targeted funding of the the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan: "Ethnopolitical history of the Uluses of Chagatai, Kaidu and Moghulistan according to Arabic, Mongolian, Persian, Chinese and Turkic sources" (Registration number: BR18574101).

**For citation:** Zhirenov A.A., Oshan Zh. The viziers of chagatai khan in the work "Mu'izz ul-ansab" // Electronic scientific journal "edu.e-history.kz". 2024. Vol. 11. No. 2. Pp. 333–346. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994\_2023\_11\_2\_333-346



## «МУ‘ИЗЗ АЛ-АНСАБ» ЕҢБЕГІНДЕГІ ШАҒАТАЙ ХАН УӘЗІРЛЕРІ

Жиренов Аскар Асанович<sup>1</sup>, Ошан Жанымхан<sup>2</sup>

<sup>1</sup>ҚР ҒЖБМ ҒК «Ғылым ордасы» РМК

(29-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ PhD докторанты

<https://orcid.org/0000-0003-2914-0659>. E-mail: [seikhuni.kz@mail.ru](mailto:seikhuni.kz@mail.ru)

<sup>2</sup>Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

(28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан)

Тарих ғылымдарының кандидаты

<https://orcid.org/0000-0002-5767-2794>. E-mail: [zhan918@mail.ru](mailto:zhan918@mail.ru)

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2024

© Жиренов А.А., Ошан Ж., 2024

**Аңдатпа.** *Kіріспе.* Отан тарихын зерттеуде парсы және түркі шағатай тілдеріндегі жазба жәдігерлер мен тарихи дереккөздерді түпнұсқада қарастырып, ескерткіштердің ерекшеліктерін анықтау тарихшы деректанушылар назарға алатын негізгі мәселелерінің бірі болып табылады. Орта ғасырлардағы парсы-түркі тілінде жазылған тарихи шығармаларды анықтау мен оларды деректанулық тұрғыдан зерттеп, қатысты мәселелерге тұжырым жасау, бұрынғы ғылыми жетістіктердің мазмұнын байытып, тақырыпты жаңа мәліметтермен кеңейтуге мүмкіндік береді. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* Шағатай ұлысындағы ішінара «уәзірлерге» қатысты орта ғасырларда парсы, түркі және басқа тілдерде жазылған тарихи шығармаларда сақталған деректемелерге деректанулық зерделеу жасау. Шағатай ұлысының кей уәзірлері мен әмірлеріне қатысты парсы және түркі-шағатай тілдеріндегі жазылған еңбектер ұсынған мәліметтер бойынша тарихи тұлғалардың өзіндік келбетін ашып көрсету. *Нәтижелер.* Мақалада мәтінтанулық, деректанулық, герменевтикалық, салыстырмалы зерттеулерді қолдану нәтижесінде тарихи тұлғалардың тұлғалық болымысын айқындап ашып беру мәселесі басты назарға алынды. *Қорытынды.* Тарихи жазба мұраларға этимологиялық зерттеулер жасауда парсы тілінде жазылған әдеби нұсқаларға түркі тілінің ықпалы, шағатай-түркі тіліндегі нұсқаларда парсы және басқа тілдерден кіріккен элементтерді назарға алып, дереккөзде сақталған тарихи мәселелерді басқа қырынан талқылау тың жетістіктерге жетуге жол ашады.

**Түйін сөздер:** Шағатай, ұлыс, уәзір, қаған, деректану, ру-тайпалар, жазба ескерткіштер

**Алғыс.** Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Араб, моңғол, парсы, қытай және түркі деректері бойынша Шағатай, Қайду және Моғолстан ұлыстарының этносаяси тарихы» тақырыбындағы бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: BR18574101).

**Дәйексөз үшін:** Жиренов А.А., Ошан Ж. «Му‘изз ал-ансаб» еңбегіндегі шағатай хан уәзірлері // «edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. 2024. Т. 11. № 2. 333–346 бб. (Қаз.). DOI: 10.51943/2710-3994\_2024\_11\_2\_333-346

## ВИЗИРИ ЧАГАТАЙ ХАНА В ТРУДЕ «МУ‘ИЗЗ АЛ-АНСАБ»


Жиренов Аскар Асанович<sup>1</sup>, Ошан Жанымхан<sup>2</sup>

<sup>1</sup>РГП на ПХВ «Ғылым ордасы» КН МНВО РК

(д. 29, ул. Шевченко, 050010 Алматы, Республика Казахстан)

PhD докторант КазНУ имени аль-Фараби

<https://orcid.org/0000-0003-2914-0659>. E-mail: [seikhuni.kz@mail.ru](mailto:seikhuni.kz@mail.ru)

<sup>2</sup>Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК  
(д. 28, ул. Шевченко, 050010 Алматы, Республика Казахстан)  
Кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник  
 <https://orcid.org/0000-0002-5767-2794>. E-mail: zhan918@mail.ru

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2024  
© Жиренов А.А., Ошан Ж., 2024

**Аннотация.** *Введение.* Одним из основных направлений, требующих пристального внимания историка-источниковеда при исследовании истории Отечества, является работа с первоисточниками. В данном случае речь идет о персидских и тюркско-чагатайских письменных памятниках, и определение их источниковедческого потенциала. Выявление средневековых персидско-тюркских произведений, проведение над ними источниковедческих исследований и получение выводов по определенной теме позволит обогатить содержательную часть предыдущих научных достижений и расширить тему новыми данными. *Цели и задачи исследования.* Первостепенной задачей данной исследовательской работы является проведение источниковедческих исследований над персидскими и тюркскими произведениями, содержащими информацию о "визирях" улуса Чагатая. Раскрытие образа «визирей» и «эмиров» на основе результатов вышеупомянутых исследований. *Результаты.* В статье, благодаря использованию текстологических, источниковедческих, герменевтических и сравнительных исследований, основное внимание уделяется проблеме выяснения личности исторических деятелей. *Заключение.* Исследования, проведенные над источниками, предоставляют возможность в определенной степени выявить влияние персидских источников на тюркские и другие источники, выделить общие элементы и рассмотреть научную проблему с другой точки зрения, открывая новые перспективы для более обширных результатов.

**Ключевые слова:** Чагатай, улус, визирь, каган, анализ данных, племена, письменные памятники

**Благодарность.** Статья подготовлена в рамках реализации программно-целевого финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан на тему: «Этнополитическая история Улусов Чагатая, Хайду и Могулистана по данным арабских, монгольских, персидских, китайских и тюркских источников» (Регистрационный номер: BR18574101).

**Для цитирования:** Жиренов А.А., Ошан Ж. Визирь чагатай хана в труде «Му‘изз ал-ансаб» // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». 2024. Т. 11. № 2. С. 333–346. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994\_2024\_11\_2\_333-346

### Кіріспе

Іле алқабындағы Алмалық қаласын астана еткен Шағатай мемлекеті XIII ғасырдың ортасында Шағатай ұлысының негізінде қалыптасқан еді. Шағатай бауыры Ұлық Қаған Үгедейден кейін арасы небәрі жеті ай уақыт өткен соң дүниеден өткен еді. Моңғол империясына Күйік қаған билік құрған тұста (1246–1251) Шағатай әулетінің саяси аренадағы билігі артып, ұлыстың жер көлемі ұлғайа түскен еді. Алайда, 1251 жылы Моңғол империясы билігіне Жошы әулетімен одақтасы болған Төленің (Тулуй) ұлы Мөңке Қаған билікке келгеннен кейін Шағатай ұлысының билігі Мөңке қаған басқарған биліктің қысымына ұшырай бастады. Шағатай мен Үгедей әулетінен шыққан хандар мен хан-оғландары бұған дейінгі билікке таласы кезінде Төлей ұрпақтарына астыртын қарсылық танытқаны үшін жазаланып, кейбірі өлтірілді, кейбірі бас сауғалап басқа елдерге кетіп қалды. Мақала «Му‘изз ал-Ансаб» еңбегінде аты аталған Шағатай хандығында уәзірлік міндетін атқарған тұлғаларды негізге ала отырып, олар туралы парсы, түркі-шағатай тілдеріндегі басқа да дереккөздерде сақталған ұқсас мазмұндарды деректанулық тұрғыда қарастырды.

### Материалдар мен әдістер

Мақаланың негізгі зерттеу нысаны ретінде «Му‘изз ал-Ансаб» еңбегі қарастырылды. Зерттеу нысаны ретінде қарастырып отырған анонимдік «Му‘изз ал-Ансаб» атты еңбек түркі-шағатай тіліндегі «Тауарихи гузиде Нусрат наме» атты келесі бір еңбекпен байланысты қарастырылды. Бұдан өзге ортағасырлық тарихи шығармалар қатарынан орын алатын парсы тіліндегі басқа да еңбектер, сондай-ақ В.В. Бартольдтың көптомдық «Шығармалар» жинағының бірінші томында («Түркістан моңғол шапқыншылығы дәуірінде») кездесетін араб, парсы, түркі тілдеріндегі дереккөздер зерттеу нысаны ретінде қарастырылды. Сонымен бірге «Мәдени мұра» және басқа да мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде Отандық шығыстанушы ғалымдар тарапынан арнаулы жинақ ретінде жарық көрген ғылыми басылымдардағы қатысты деректемелер пайдаланылды. Аталмыш бағытта тарихи жазба деректердің құндылығын, деректік маңызын аша түсу үшін деректерді өзара салыстыра отырып, жинақтау, сараптау, салыстыру, жүйелеу сияқты жалпы-ғылыми әдістер қолданылады. Мақаланы дайындауда объективтілік пен тарихилық қағидаттары басшылыққа алынды. Көтерілген шынайы тарихи мәселені нақты көрсетуде салыстырмалы-тарихи, тарихи-ретроспективті, тарихи-типологиялық, тарихи-жүйелік әдістер қолданылды. Сонымен бірге тарихи жазба мұраларға зерттеу жасау жолға қойылды. Сөйтіп, парсы тілінде жазылған әдеби нұсқалардағы түркі тілінің, шағатай-түркі тілінде жазылған әдеби нұсқалардағы парсы және басқа тілдердердің ықпалынан туындаған түйткілді мәселелер талқыланды.

### Талқылау

Деректануда тарихи деректерді зерттеу нысаны етіп тарихи мәселені сол негізде баяндау басты орында тұрады. Мұндай жазба деректердің бір санатына сол ел билеушілерінің жарлықтары, грамоталары, үкіметтік және ведомстволық бағынышты мекемелердің құжаттары, жеке актілер, лауазымды адамдар мен көрнекті саяси және діни қайраткерлердің хат-хабарлары жатады. Деректердің келесі санатына баяндау деректері қатарындағы жылнамалар, тарихи шежірелер, естеліктер, мемуарлар, тарихи-әдеби анықтамалықтар мен этикалық-дидактикалық мазмұндағы трактаттар жатады (Ахмедов, 1985: 4). «Муизз ал-Ансаб» атты бұл тарихи еңбектің түрлі қолжазба көшірмелері ертелі кеш әр ел шығыстанушы ғалымдарының назарына іліккені белгілі. Осыған байланысты айтулы шығарма К. Риу (Rieu, 1879), Э. Больше (Blochet, 1905), К.А. Строй // Ж.Е. Брегель (Стори, 1972), Ф. Ричард (Richard, 1989 ) және басқа авторлардың каталогтары мен библиографиялық басылымдарында жан-жақтылы сипаттап таныстырылған. Сонымен бірге З.В. Тоған (Тоған, 1950), В.В. Бартольд (Бартольд, 1964; Бартольд, 1963), Т.И. Сұлтанов (Султанов, 1994) және басқа да әйгілі шығыстанушы ғалымдар өздерінің әйгілі еңбектерінде «Муизз ал-Ансаб» мазмұнында сақталған деректемелерге ыждағаттықпен зерттеу жүргізе отырып жан-жақты пайдаланған. «Му‘изз ал-Ансаб» («Muizz al-ansab fi šarat al-ansab») ғылыми айналымда Париж нұсқасы, Лондон нұсқасы және екі үндістандық нұсқасы сынды төрт нұсқасы бар. Париж нұсқасының факсимилиесі елімізде «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 2006 жылы Шодмон Вохидовтың аудармасымен Алматыда жарық көрген-ді (ИКПИ 2006: 672; Сабитов, 2010: 202).

### Нәтижелер


«Му‘изз ал-Ансаб» факсимильдік оқу шағын өлшемі тұрғысынан қиындық туғызғанымен, геометриялық фигуралар мен сызықтар арқылы қарап көру атаулардың оқылуын тексеруге жақсы мүмкіндік береді. Сол сияқты түркі-шағатай тіліндегі «Тауарихи гузиде-и нусрат наме» еңбегі де жазу үлгісі жағынан араб және парсы әріптерінің асты-үстін таңбалану жүйесіндегі ақаулар есебінен атаулардың оқылуын біршама қиындатады десек болады. Біз мұнда Рашид ад-Диннің «Жами ат-тауарих» («Жылнамалар жинағы») еңбегінің қатысты тұстарын, соның ішінде В.В. Бартольд еңбегінің Шағатай уәзірлеріне байланысты көрсетіп кеткен тұстарын мысал ретінде көрсетуді дәйек етіп ұсынуды жолға қойып отырмыз.

«Му‘изз ал-Ансаб» Шағатай хан бөлімінде оның уәзірлері туралы мынадай мәлімет бар:



صورت جغتای خان  
جغتای خان بعد از وفات جنکیزخان در مدت سیزده سال که  
اوکتای قان خان بود او پادشاه الوس خویش بود و هفت  
ماه بعد از وفات اوکتای قان در شهور سنه اربعین و ستمایه وفات  
یافت

شرح خواتین و قمایان او	شرح امرای که در زمان او بودند
	<p>قراجار نویان از قوم برلاس امیر هزاره بود که جنکیزخان او را با هزاره او در وقت قسمت عساکر بجعتای خان داده بود</p>
	<p>موکه نویان از قوم جلایر امیر معتبر بود و او را نیز جنکیزخان بجغتای داده بود بالشکر بهم</p>
	<p>جغتای کوچک از قوم سوئت امیر هزار بود نام او را تغییر کرده بجغتای کنشد و او نیز از جمله امرا ست که جنکیزخان بجعتای خان داده است</p>
	<p>قشلیق از قوم سلدوس امیر معتبر بود و غیر از و قشلیق ترخان کسی دیگر نبود</p>
	<p>وزیر مردی بغایت فصیح و شجاع و زیرک پیش جغتای باعتبار رسیده و او در اول کله بان قشوق نویان بوده است اما بواسطه دانستن حکایات جنکیزخان به بندگی جغتای خان رسید و ملازم گشت و معتبر شد</p>
	<p>قوتوق نویان از قوم جلایر امیر معتبر بوده است</p>
	<p>حبش عمید مرد نازیک بود اما پیش جغتای خان نایب و معتبر بود و درجه که امرای معتبر در آمدی</p>
	<p>جغتای خانرا بغیر از این نام بردگان امرای بسیار بوده اند اما اسامی ایشان بنفصل معلوم نگشت بدان سبب نیشته نشد</p>



(Muiz al-ansab: 29)

*Аудармасы:*

Шағатай хан бөлімі. Шыңғыс хан өмірден өткен соң Үгедей қаған он үш жыл хан болғанда Шағатай хан өз ұлысында патша болған еді. Үгедей қаған қайтыс болғаннан кейін [арада] жеті ай өткенде [Шағатай хан] сол алты жүз қырықыншы жылдың айларында опат болды.

«Оның [Шағатай ханның] заманында болған әмірлері:

*Қаражар ноян*

Барлас қауымынан. Мыңдық (әскер басы) әмірі. Шыңғысхан әскерлерді мыңдықтарға бөлген уақытта оны Шағатай ханның үлесіне берген болатын.

*Муке ноян*

Жалайыр қауымынан. Бетке ұстар әмір [саналатын] еді. Шыңғыс хан оны да әскерімен бірге Шағатайдың еншісіне берді.

*Kishi Шағатай*

Суыт қауымынан. Мыңдық (әскер басы) әмірі. Оның есімі де өзгертілген. Ол да Шыңғысханның Шағатай хан еншісіне берген әмірлер санатына жатады.

*Құтық/қушылық?*

Селдус қауымынан. Бетке ұстар әмір [саналатын] еді. Құтықтан (Қушылық) басқа тархан болмаған еді.

*Уезир*

Ол өте шешен, батыр әрі зерек кісі еді. Шағатай хан алдында дәрежеге ие еді. Бастапқы кезде Қушук ноян мен бірге болды. Алайда, Шыңғыс хан туралы көп тарихты жақсы білуі себепті Шағатай хан жанына қызметке алынды.

*Қутуқ ноян*

Жалайыр қауымынан. Бетке ұстар әмір.

*Хабаши амид*

Ол өзі бір нәзік кісі болған. Алайда, Шағатай хан құзырында наиб (орынбасар) болды әрі ол бетке ұстар кісі еді. Дәрежесі амирлер қатарынан (Muiz al-ansab: 29).

Шыңғыс хан әскерлерді мыңдықтарға бөлген уақытта Шағатай ханның үлесіне берген мыңбасылар туралы біраз еңбектерде жазылған. Дегенмен ондағы айтылған адам аттары оның иелігіне берілгендерді толық көрсете алмайды. Жоғарыда деректе көрсетілген Шағатай ханға берілген бірінші әмір Қаражар ноян (*Qarachar noyan*) аты Рашид ад-Дин еңбегінде кездеседі. Еңбекте Шыңғыс хан «Екінші ұлы Шағатайға берген әскері төрт мың адам болды» деген шағын тақырыпшамен жазылған. Онда бірінші мың басы ретінде «Барулас руының адамы Барулатай Қаралджар мыңбек» деп көрсеткен (Рашид ад-Дин, 1952(1,2): 275). Бірақ одан әрі ол туралы көп тоқталмаған, тек оның ұрпақтары Хұлағу мемлекетінің екінші Илханы – Абақа ханға (Abaqa Khan, 1265–1282 жж.) қызмет етіп оның құрметіне ие болғаны туралы келте мәлімет берілген.

Еңбекте көрсетілген екінші ноян есімі Муке ноян (موکه نويان) деп көрсетілген. Рашид ад-Дин орыс тіліндегі басылымында бұл адамның атын «Мугэ-ноян» деп көрсеткен. «Моңғолдың құпия шежіресінде» 1206 жылы Шыңғыс хан тағайындаған 99 мыңбегі ноянның бірін – Мүге (Müge) деп көрсетеді (ҚТМД, 2006: 257). Алайда, еңбектің басқа тұсында ол туралы дерек кездеспейді.

Көріп отырғанымыздай «Му‘изз ал-Ансаб» еңбегі оның шыққан тегін «Жалайыр қауымынан» деп көрсеткен. Рашид ад-Дин еңбегінде оның аты Шыңғыс ханның Шағатайға еншіге берген мыңбасы нояндарының екінші адамы ретінде атаған. Алайда оның шыққан тегін қоңырат қауымынан деп жазады. Сондай-ақ, ол Йисун ноянның әкесі делінеді (Рашид ад-Дин, 1952: 275). Соған қарамастан еңбектің Йисун ноянға қатысты тұсында оны жалайыр тайпасының адамы екені ескертілген (Рашид ад-Дин, 1960: 94). Осының өзі Рашид ад-Дин еңбегінің бұл тұсында қандай бір кінәрат орын алған деген пікірдің тууына түрткі болады. У.М. Такстонның ағылшынша нұсқасында оның атын «Mügä noyan» үлгісінде көрсеткен және оның руын «jalayir» деп жазған (Rashīdal-Dīn, 1999: 279). Бұған қарап Рашид ад-Дин кітабының орысша аудармасындағы жағдайдың орын алуына аудармаға негіз болған түп нұсқада қандай да бір ағаттық болған деуге тура келеді.

«Му‘изз ал-Ансаб» көрсеткен үшінші адамның есімі «جغتای کوچک» деп жазылған. Оның бұл атын «Шағатай Кіші», яғни «Кіші Шағатай» деп түсінуге болады. Жоғарыда көрсетілгендей еңбек мәтінінде «Оның есімі де өзгертілген» деп ескертілген. Бұл сөздің мәнін Раши ад-Дин еңбегіндегі мына мәлімет ашып береді.

Оның келесі бір әмірінің есімі Кіші шағатай; себебі, ол кезде Шағатай [Шыңғыс ханның ұлы] опат болғандықтан оның есімін атауға тыйым салынды. Осыдан бастап оның [Кіші Шағатайдың] аты Сунитай (Sönitai) болып өзгерді. Себебі [шыққан ататегі] сунит тайпасынан еді. Бастабында ол мың басы еді. Алайда Туғучардың әкесі Қуту-Бұқа-нойон дүние салғаннан кейін оның орнына Сунитай тағайындалды (Рашид ад-Дин, 1952: 100).

Демек, бұл адамның есімі кейін келе руының атымен Сунитай болып өзгерген. Ал, ол орнына тағайындалған Құту-Бұқа-ноян (Qutu Buqa) кім екені айтылмаған. Мұндай түркі есімді нояндардан біраз адамдар кездеседі. Сол қатарда Кутлуг-Бука-Битикчи (Құтлұқ-Бұқа-Бітікчі // Qutluq Buqa Bitikchi) деген атпен көбірек мәлім бір тарихи тұлғаның аты аталады. Оның шыққан тегі Кераит тайпасының жырқын руынан болғаны туралы да мәлімет бар (Рашид ад-Дин, 1952 (1,2.): 128). Егер Құту-Бұқа-ноян (Qutu Buqa) мен Құтлұқ-Бұқа-Бітікшінің (Qutluq Buqa Bitikchi) бір адам екені расталса, онда ол Шағатай ханға бітікші болған болып шығады. Сөйтіп, Кіші Шағатай шынымен де сондай бір бітікшінің орнына тағайындалған болса, онда оны да сауатты нояндардың қатарына жатқызуымызға тура келеді.

«Тауарихи гузиде-и нусрат наме» деген атпен белгілі келесі бір еңбек Шыңғыс хан мен оның ұрпақтарының Шейбани ханға дейінгі тарихын баяндайтын түркі-шағатай тіліндегі жазба ескерткіш болып табылады. Аталмыш еңбектің авторы белгісіз, бірақ оның түпнұсқа



мәтіні хижраның 908 жылы (1502–1503 жж.) жазылған сияқты. Төменде біз аталмыш қолжазбаның хижраның 970 жылы (1563 ж.) жазылған нұсқасын пайдаландық. Қалыптасқан жағдай бойынша қысқаша «Нусрот наме» деп те атадық. Еңбектің түп нұсқасына біз британдық «Бритиш лайброри» сайтында ашық үлгіде берілген нұсқасы арқылы қол жеткіземіз. Еңбектің бізге қолжетімді сол нұсқасынан мынадай деректемені кездестіреміз:

*Мәтіннің транскрипциясы:*

«Жағатай ханның ики ноиби бар ирди бириниң оти Уазир бириниг оти Хабаш амид. Уазирниң асли хатойдин ирди. Чағатай хан мулазимларидин бир тобибға мулазим ирди. Тобиб улкандин сунг Қушун нуйонға илқичи булди Қушун нуйон жалаир қоумидин ирди. Тажрубеси куб улғайған киши ирди. Бурунғи тарихлардин билур ирди. Биркун Чағатай хан бурунғи ахуаллардин уа Чинкизхан кайфиатларин сура ирди ким һәр иил да қайси уилойатни алди чун кушун нуйон нинг йахши уқуфи бар ирди бир кишининг уйнга килди тарих ахуалин аларға бу Қушун нуйон байон қилур ирди ул айтған сузлар нинг рост йалғанин бу хитойлық уазир ким мунка илқи жи ирди ул уйунинг ташинда туруб ирди ул айтған нинг рост йалғанин фарқ қилиб бу ултурған ларға айтур ирди ул иштиканлар маьқул курап ирди баржа анинг сузика муттафиқ (British library. Or. 3222. P. f. 89v).

*Мәтіннің қазақ тіліндегі аудармасы:*

«Шағатай ханның екі орынбасары бар еді. Бірінің аты Уәзір, екінші бірінің аты Хабаш Амид. Уәзірдің шыққан тегі қытайдан еді. Шағатай хан қолбасшыларының бір дәрігеріне қызметші еді. Дәрігер (тәуіп) өлгеннен соң Қушун (Қосын) ноянға жылқышы болды. Ол Жалайыр қауымынан еді. Тәжірибесі мол кісі еді. Бұрынғы тарихтардан білетін еді. Бір уақыттары Шағатай хан бұрынғы оқиғалардан және Шыңғыс хан туралы сұрайтын. Кім қайсы аймақтарды қай уақытта алғаны жайлы. Сондай-ақ, Қушун ноянның алатын өз орны бар еді. Кез келген кісінің үйіне келіп тарих оқиғаларынан баяндап беретін болған. Оның айтқан әңгімелерінің қайсысы жалған, қайсысы растығын оған жылқышы болған әлгі қытайлық – Уәзір үйінің сыртында тұрып ажыратып, отырған кісілерге айтып беретін еді. Ол естіген нәрселерді мақұл көріп, баршасы оның сөзіне келісімін беретін болған».

Бұл жерде үш тарихи тұлға туралы мәлімет ұсынған. Біріншісінің аты Уәзір. Бұл адам біздің тақырыпқа арқау болған шығармада «Уезир» деп көрсетілген адам. Екіншісінің аты Хабаш Амид. Деректе Уәзірдің шыққан тегін «қытайдан» деп көрсеткен. Дерек мәтінінде кездескен үшінші тарихи тұлғаның атын «Қушун ноян» деп көрсеткен және оның жалайыр тайпасынан екенін, сондай-ақ оны ескі тарихи оқиғаларды көп білетін адам ретінде сипаттаған. Дегенмен, Қушун ноянға қарағанда оның жылқышысы – Уәзір тарихи оқиғалардың жай-жапсарын жақсы білгенін шеберлікпен суреттеген.

В.В. Бартольдтың көптомдық «Шығармалар» жинағындағы араб, парсы, түркі тіліндегі жазба деректерді көбірек қарастырған бірінші томында («Түркістан моңғол шапқыншылығы дәуірінде») Шағатай уәзірлеріне қатысты деректерді жариялаған. Сол деректердің біразы Рашид ад-Диннің «Жамиғ ат-тауарих» («Жылнамалар жинағы») еңбегінен алған деректер болып саналады. В.В. Бартольд еңбегінде Шағатай уәзірлеріне байланысты төмендегідей ауқымды мәліметті көрсеткен:

نواب جغتای نام یکی وزیر وازان

دیگر حبش عمید و حال وزیر چنان است که اصل او از ختای بود. و خدمتکار طبیبی ختایی از ملازمان جغتای بعد از وفات آن طبیبگلبان قوشون نویان از امرای جغتای شد اتفاقاً جغتای روزی از ان قوشون نویان از قوم جلایر که پیرا و صاحب تجارب بود و بر احوال پیشینه واقف حال چنگزخان و آنک هر سال کدام ولایت را کشاد می پرسید او چون نیکو مستحضر نبود بخانه رفت و از هر کس از متعلقان کیفیت آن احوال تفحص میکرد و هر يك آنچه معلوم داشتند میگفتند این ختایی مذکور که گلبان او بود از بیرون خانه می شنید و صدق و کذب آن سخنان باز

*Мәтіннің транскрипциясы:*

[Нууаб Жағатай] Номы еки Уәзір уа аз он дигар Хабаш ‘Амид уа хол уазир чинон аст ке асл у аз хитой буд уа хидматкор тобиби хитойи аз мулазимон Жағатай баьд аз уафот он тобиб каллабон Қушун нуйон аз умарой Жағатай шуд иттифоқон Жағатай рузи аз он Қушун нуйон аз қоум жалайыр ке пир уа сохиб тажоруб буд уа бар ахуол пишине уақиф хал Чингизхан уан ке һәр сол кудом уилойат ро кушод ми пурсид у чун нику мустахдор набуд бехоне рафт уа аз

Һар кас аз мутааллиқон кайфиат он ахуал тафаххус микард уа һар ек онче маълум доштан д микуфтанд ин хитойи мазкур ке каллабон у буд аз бирун хоне ми шанид уа сидқ уа казиб он суханон боз немуд беуажни ке он жамоат ро низ раушан ми шуд уа тамомат бар онче у мигуфт муттафик ми шуданд (Бартольд, 1898: 123).

*Аудармасы:*

Шағатайдың наибтары (орынбасары): біреуінің аты Уэзир, екіншісі Хабаш-‘Амид. Уэзирдің ісінің мәні мынада: оның түбі Қытайдан келген және Шағатайдың қол астындағы қытай дәрігерінің қызметшісі болған. Сол дәрігер қайтыс болғаннан кейін Шағатай әмірлерінің [бірі] Қушун-ноянның қойшысы болды. Бір күні Шағатай жасы ұлғайған, тәжірибесі мол, өткен істерінен хабардар Жалайыр тайпасынан шыққан Қушун-нояннан Шыңғыс ханның жағдайын, оның жыл сайын қай өңірді жаулап алғанын сұрапты. Оның есінде жақсы сақталмағандықтан, ол үйіне барып, қызметшілерінен сол жағдайларды сұрай бастайды. Әркім өз білгенін айтады. Мұны оның қойшысы болған әлгі қытайлық үйінің сыртында тыңдап, сол әңгімелердегі ненің шындық, ненің өтірік екенін түсіндіріп береді. Әлгі адамдарға түсінікті болып, олардың бәрі оның айтқанымен келіседі (Бартольд, 1898: 123).

Дәл осындай деректің Рашид ад-Дин еңбегінің орысша аударма нұсқасындағы мазмұны мынадай болып келеді:

Шағатай ханның екі уәзірі болды. Оның бірінің есімі Уэзир, екіншісінің есімі Хабаш-Амид. Уэзирдің баяны төмендегідей:

Уэзирдің шыққан тегі қытайдан еді. Ол Шағатай ханның қытай тәуіпінің көмекшісі болған. Тәуіп опат болғаннан кейін ол Шағатай ханның Кушук-ноян дейтін әміріне жылқышы болды. Бір күні Шағатай хан жасы үлкен, көрген білгені көп, өткен-кеткен тарихты жақсы білетін жалайырдың Кушук-ноян атты әлгі адамынан Шыңғыс ханның кейбір тарихын, оның әр жылы қай аймақты бағындырғаны туралы сұрайды. Кушук-ноян бұл жәйттердің көбін ұмытып қалған еді. Ол өз үйіне қайтып келгеннен кейін өз қызметшілерінен оқиғаның жай-жапсарын мұқият анықтап сұрай бастайды. Олардың әр біреуі өз білгенін айта бастайды. Оның малшысы болған жоғарыда айтылған малшы үйдің сыртында отырып бұл айтылғандардың қайсысы сенімді, қайсысы сенімсіз екенін бір шетінен түсіндіріп береді. Ол осылай түсіндіріп берген кезде әлгі адамдардың барлығы өз айтқандарының анық-қанығына көз жеткізе бастайды. Әлгілердің барлығы оның айтқандарына қосылады. Кушук-ноян оны үйге шақырып алып одан «сен бұлардың бәрін қайдан білесің?» деп сұрайды. Ол өзінің жай күндері болып жатқан оқиғаларды және өзі үшін қызықты саналатын тарихи шындықты жазып жүрген қойын дәптерін алып шығады. Кушук-ноян бұған ерекше қуанады, оны дәптерімен бірге Шағатай ханға алып барады (Рашид ад-Дин, 1960: 101).

Көріп отырғанымыздай Рашид ад-Дин кітабының орысша аудармасында Шағатай ханның осы уәзірінің есімін «Кушук-ноян» деп жазған. Алайда біз еңбектің Такстон жасаған ағылшынша аудармасында бұл адамның атын «Qosha'un Noyan» деп транскрипция жасағанын көреміз (Rashīdal-Dīn, 1999: 379).

Жоғарыда көрсетілгендей «Му‘изз ал-Ансаб» Шағатай хан бөлімінде оның уәзірлерінің бірінің атын «قتلیق» деп жазған. Ол туралы «Селдус қауымынан. Бетке ұстар әмір [саналатын] еді. Қышлықтан басқа тархан болмаған еді» деп сипаттады.

В.В. Бартольд келтірген мағлұмат бойынша: «Шағатай әмірлерінің ішінде мыналар белгілі: Берулас тайпасынан Харачар; Муке-ноян, жалайырлардан Хошук-ноян, сол тайпадан (моңғол-қытай аңызындағы кокосо қатарынан болса керек); Кіші Шағатай, Сүнит тайпасынан; Сулдус тайпасынан шыққан Кішіх, Ван ханның арам пиғылын Шыңғыс ханға ескерткен және сол үшін дворяндық (деңгей) абыройына көтерілген екі бақташының бірі. Бірақ олардың жанында Отырардан шыққан, Мәуереннаһрды жаулап алған кезден бастап моңғолдарға қызмет етіп, Шағатайдың уәзірі дәрежесіне жеткен тәжік Құтб ад-дин Хабаш-Амид те аталады.

Хабаш-Амидтің ықпалының зор болғаны сонша, билеуші әулеттер онымен туыстық байланыс іздеді. Кермандық Құтб ад-дин оған туыс қарындасын берді. Моңғолдардың өздері оған қалай қарағанын Хорезмшах әулеті тұтқынға алынғаннан кейін Мұхаммедтің екі қызы

Шағатайдың қол астына өткенінен көруге болады; ол біреуін өзіне алды, екіншісін Хабаш-Амидке берген болатын» (Бартольд, 1963: 540).

В.В. Бартольд мұнда Шағатай ханға қарасты әмірлердің бірі ретінде «Кішіх» деген адамның атын атайды, және оның сулдус тайпасынан шыққанын айта отырып, оны Оң ханның екі бақташысының бірі ретінде қарастырған. Тоғырыл Оң ханның Темүжінге жорық жасау құпия жоспарын Темүжінге астыртын мәлімдеген Оң ханның екі жылқышысы туралы көптеген тарихи деректер мәлімет берген. Рашид ад-Дин өз еңбегінде бұл тұлғаның атын екі түрлі жазған. I-томның бірінші кітабында «Қышлық» деп көрсетсе (Рашид ад-Дин, 1952: 171), I-томның екінші кітабында «Qışlıq // Қышлық» түрінде жазған, сондай-ақ оған әлгіндей еңбегі үшін «тархан» атағы берілгені және олардың тархан атанып жүрген ұрпақтары жөнінде нақты түрде жазылған (Рашид ад-Дин, 1952 (I, 2): 124). «Моңғолдың құпия шежіресі» Оң ханның екі жылқышының атын Бадай (Badai) және Кішілік (Kishilik) деп жазған әрі оларды тархат (тархан) деп тағайындап ерекше құқық берілгені егжей-тегжейлі айтқан (ҚТМД, 2006: 192, 199, 223, 258, 279).

В.В. Бартольд өз еңбегінде бұл тұлғаның шыққан тегін сулдус руынан деп жазуына осы дерек негіз болған болар. Солай дегенмен қатысты әдебиеттерде Оң ханның жылқышысы болған Қышылықтың шыққан тегі туралы көбінде урнауыт дейтін моңғол тайпасы екені айтылған.

«Му'изз ал-Ансабтың» орысша аудармасында Шағатай хан әмірлерінің көрсеткіші біз пайдаланып отырған «Muizz al-ansab fi šarat al-ansab» еңбекте көрсетілгендерден сәл де өзгеше. Бұл туралы төмендегі кестеден көре аламыз:

«Muizz al-ansab fi šarat al-ansab» мәтіндегі көрсетілген Шағатай хан әмірлері	«Му'изз ал-Ансабтың» орысша аудармасында көрсетілген Шағатай хан әмірлері	Ескерту
<b>Қаражар ноян.</b> Барлас қауымынан. Мыңдық (әскер басы) әмірі. Шыңғысхан әскерлерді мыңдықтарға бөлген уақытта оны Шағатай ханның үлесіне берген болатын.	<b>Қарачар-нұйян</b> , из племени барлас, амйр хазара. Чингиз-хән во время раздела войск вместе с подразделениями передал его Чагатайу.	Мәтінде көрсетілген әмірлер тізімінің рет-тәртібіндегі ауыстырыстар аударма кезінде туындаған
<b>Мукен ноян.</b> Жалайыр қауымынан. Бетке ұстар әмір [саналатын] еді. Шыңғыс хан оны да әскерімен бірге Шағатайдың еншісіне берді.	<b>Мукен-нұйян</b> , из племени джалайир, почтенный амйр. Чингиз- хән передал его с войском Чагатайу.	
<b>Кіші Шағатай.</b> Суыт қауымынан. Мыңдық (әскер басы) әмірі. Оның есімі де өзгертілген. Ол да Шыңғысханның Шағатай хан еншісіне берген әмірлер санатына жатады.	<b>Чагатай-Кучук</b> , из племени сунит, амйр хазара. Его имя заменили на Сунитайа (так как после смерти Чагатайа это имя стало запретным). Он из числа тех амйров, которых Чингиз-хән передал Чагатайу.	
<b>Қушлук ноян.</b> Жалайыр қауымынан. Бетке ұстар әмір.	<b>Қутүке</b> , из племени джалайир, почтенный амйр.	
<b>Хабаш амид.</b> Ол өзі бір нәзік кісі болған. Алайда, Шағатай хан құзырында наиб (орынбасар) болды әрі ол бетке ұстар кісі еді. Дәрежесі амирлер қатарынан.	<b>Қишлік</b> из племени сулдус, почтенный амйр, единственный тархән.	
<b>Құтық/қушылық?</b> Селдус қауымынан. Бетке ұстар әмір [саналатын] еді. Қушылықтан басқа тархан болмаған еді.	<b>Хабаш-‘Амид</b> , тәзік (тәзик) по происхождению, найиб, уважаемый человек при Чагатайе, входил в состав <i>джирга</i> почтенных амйров.	Орысша аудармада мәтіннің бұл тұсындағы сөзді «тәзік (тәзик)» деп оқыған. Біз оны «нәзік» деп оқыдық.
<b>Уезир.</b> Ол өте шешен, батыр әрі зерек кісі еді. Шағатай хан алдында дәрежеге ие еді. Бастапқы кезде Қушық нойан мен бірге болды. Алайда, Шыңғыс хан туралы көп тарихты жақсы білуі себепті Шағатай	<b>Вазир</b> - умный, храбрый, мудрый человек, добился личного уважения со стороны Чагатайа. Вначале служил пастухом у Қушық-нұйяна. Своими познаниями преданий о	



хан жанына қызметке алынды (Muiz al-ansab: 29).	Чингиз – хане добился расположения Чагатайға (ИКПИ, 2006: 47)
---	---

Жалпы Шағатай ханға қызмет еткен әмірлер арасындағы әйгілі тұлғалар мұнымен шектелмейді. Олардың арасында аса көрнекті тұлғалар кездеседі. Сондай әйгілі уәзірлер арасынан дәрежесі аса жоғары тұлға ретінде қарастырылатын әмір – ол Махмуд Ялавач ибн Мухаммад әл-Хорезми. Әл Қарши өзінің «Мулхақат ас Сурах» еңбегінде ол туралы мынадай мәлімет берген.

ذكر معارف الأمراء والوزراء ونوى العوارف الكبراء منهم صاحب الاقدم والدستور الاعظم فخر الدنيا والدين غياث الاسلام والمسلمين اعدل وزراء الخوفاين ضابط الممالك حارس اهل الاسلام من المهالك اصف العهد محمود يلواج بن محمد الخوارزمي صب الله على تربته سجال رحمته) فوض اليه الوزارة العامة من عهد جنكيز خان الى دور منكو خان فرتب الممالك ونظم امور الدولة والدين من جبحون خراسان الى اقصى ممالك الصين قسم الممالك القانون الاعظم اوكناي بن جنكيز خان بينه وبين ابنه واجلسه في ممالك خطاى وتنكت الى ديار بغر فعمرت البلاد بيده وايله وانتعشت العباد بعد له وعهده يطلع على الممالك الشرقية كالبر في افاضة الأنوار واعتلاء القدر فعلا على الأروس والهامات بلواج كالتاج على المفرق وناميك ولاية الخطاى من بلاد المشرق فتوقى فى شهر ربيع الأول سنة ٦٥٢ بخان بالق ودفن بها شهيدا غريبا والى رحمة الله ورضوانه قريبا

*Мәтіннің транскрипциясы:*

Зикру маъариф әл умаро уал узаро уа зауил ьауариф әл кубаро минһум ас сохиб әл ақдам уад дастур әл аьзом фахруд дуниа уа ддин ғиас ул ислам уал муслимин аьдалу узаро әл хауақин добитул мамалик харису аһлил ислам минал маһалик асоффу ул ьаһд махмуд йалауаж ибн мухаммад әл хауризми соббаллоһу ьала турбатыһи сижала рохматиһ – фаууада илайһи әл уизарата әл ьаммата мин ьаһд жингизхан ила даур манку хан фароттабал мамалик уа наззома умурод даулати уад дин мин жайхун хуросан ила ақсо мамалик ас син қоссамал мамалика алқаун әл аьзом уктай ибн жинкизхан байнаһу уа байна ибниһи уа ажласаһу фи мамалик хитойи уа тенкут ила диар иағр фаьаммарат ил билада биадиһи уа аййадаһу уа нтаьашат әл ьибаду биьадлиһи уа ьаһдиһ йатлаьу ьалал мамаликиш шарқийати кал бадри фи ифадотил ануари уа иьтилайл қодари фаьала ьалар рууси уал һаммат йалауаж кат тажи ьалал мафрақ уа наьика уилайатул хитойи мин биладил машриқ фатууффиа фи шаһр робиь ал аууал саната 652 бе хонбалиқ уа дуфина биһа шаһидан ғорибан уа ила рохматилләһи уа ризуаниһи қорибан (ИКПИ, 2005: 127).

Аудармасы: Әмірлер, уәзірлер және ұлы тұлғалар туралы. Олардың арасынан [Махмуд Ялавач] Түп [көне] қожайын, ұлы дәстүр [иесі], дүние мен дін мақтаншы, Ислам және мұсылмандардың қолғабысы, қағандар уәзірлерінің ең әділі, мемлекеттегі тәртіпті сақтаушы, Ислам халқын пәлекеттерден қорғаушы, дәуіріндегі ең таза [тұлға] Махмуд Ялавач ибн Мұхаммед әл-Хорезми, Аллаһтың оның қабіріне кең мейірімі мен кешірімі жаусын. Ол – имамдардың басшысы, Аллаһ оны мейіріміне бөлесін.

Оған Шыңғыс хан тұсынан Меңку ханның билігіне дейін Бас уәзірлік [тапсырмасы] жүктелген еді. Ол Хорасанның Жәйхун [өзенінен] қиырдағы Қытай патшалықтарына дейінгі жерлерді, мемлекет және дін істерін ретке келтіріп ұйымдастырды.

Ұлы Қаған Шыңғыс ханның ұлы Үгедей өзінің ұлы арасындағы патшалықтарды бөліп, оны Қытай мен Танкуттан [бастап] Йуғыр [ұйғыр] өлкесіне дейінгі мемлекеттілікке отырғызып орналастырды. Сондықтан ол өз қолымен қалалар тұрғызды және оған қолдау білдірді. Пенделер [адамдар] оның әділдігі мен қамқорлығы арқасында өркендей бастады. Ол [Ялавач] шығыс елдерінде, Айдың толуы мен сәттіліктің көтерілу кезеңіндегі толған ай сияқты жоғары көтеріліп, шыңдар мен ақыл-ой [саналар]дың үстінен жоғарылап, қиылысудағы тәж сияқты жарқырады. Оның шығыс елдеріндегі Қытай аймағын билегені қандай жақсы! Ол 652 жылы рабиь ул аууал айының Хан-Балықта қайтыс болып, сол жерде шейіт, жат жұрт болып жерленді, Алланың кешірімі мен рақымы оған жақын болсын!

Жалпы тақырып аясында зерттеу жасаған түрік ғалымдары қатарынан түрік ғалымы Бахаеддин Өгелдің (Bahaeddin Ögel) «Sino–Turcica. Çingiz Han'ın Türk Müşavirleri» (Sino–Turcica. Шыңғыс ханның түрік кеңесшілері) атты қытай деректеріне сүйене жазған еңбегін, сондай-ақ Муалла Уйду Южелдің (Muallâ Uydu Yücel) «Moğollar tarihi» еңбегін атай аламыз. Бахаеддин Өгел жоғарыда аталып өткен Махмуд Ялавач туралы тоқталған кезде

«Махмуд Ялавач пен оның ұлы Масуд (Масуд-бек, 1298) Жошының батысқа жорығы аясында Үргеніш қаласын басып алғаннан кейін Шыңғыс ханға бағынышты болып, одан кейін Шыңғыс хан әскерімен Жалал ад-Дин Мәңгубердидің соңынан бірге аттанды» деп жазады (Ögel, 1964: 202).

Шағатай ханға қызмет еткен уәзірлердің бәрін түгендеуді мақала мақсат еткен жоқ. Дегенмен олардың қатарында біраз тарихи тұлғаларды қарастырудың реті түскен кезде олар туралы деректер қорын жан-жақты қарастырудың мүмкіндіктері бар екенін көрсетуге болады. Ең бастысы сол тарихи тұлғалар туралы әр елдің түрлі тілдегі дерек көздері өз дәуірінде біраз мағлұматтар қалдырып кеткенін атап өтудің реті түседі. Мысалы, Махмуд Ялавач туралы дерек «Моңғолдың құпия шежіресінде» Ялавачы (қытайша: 牙刺瓦赤), «Шэн у цин чжэн лу» («圣武亲征录») атты еңбекте: Я лу уа чи (牙鲁瓦赤), сондай-ақ «Юанши» («元史») кітабының «Үгедей қаған шежіресінде» Махмуд Хорозими (Махэмәйдэ Хуаласими // 麻合没的滑刺西米), «Юанши» кітабы «Мөңке қаған шежіресінде» Ялауачи (牙刺瓦赤) деген атпен тіркеп оның мемлекеттік қызметі туралы мағлұматтар беріп отырады.

Ата *Малик әл-Жуайнидің* «Тарих-и Жаһангуша» («Әлемді билеушінің тарихы») делінген парсы-дари тіліндегі еңбегінде «Шағатай ханның түркілерден болған һужайр есімді уәзірі болды» деген мәлімет кездеседі (Juwayni, 1912: 227). Алайда біз мұндай есімді уәзірді басқа дереккөздерден көре алған жоқпыз.

### Қорытынды

Шағатай ұлысы тарихына байланысты жазба деректер жалпы Моңғол дәуіріне ортақ ерекшелікке сәйкес араб, парсы, түркі-шағатай, қытай, тілдерінде жазылғаны белгілі. Осы тілдерде жазылған деректердің қай-қайсысының да өзіндік ғылыми деректік құндылығы мен өз алдына бөлек артықшылығы бар. Бұл жөнінен оларды алабөтен қарастырудың қисыны келмейді. Солай дегенмен осылардың ішінде парсы және түркі-шағатай тілінде жазылған тарихи еңбектердің алатын орны ерекше, олардың бірқатар тарихи түйткілді сауалдарды шешуге көмектесе аларлық әлеуеті жеткілікті. Сондай деректерге мәтінтанулық, деректанулық, герменевтикалық, салыстырмалы зерттеулерді қолданудың нәтижесі тарихи мәселелерді, соның ішінде тарихи тұлғалардың келбетін айқындап ашып беру мәселесінде айтарлықтай көмектесе алады. Аталған кезеңдегі тарихи деректер шағатай, парсы тілдерінде араб әліпбиімен жазылған. Бұл жазба тілдер түркі және моңғол тілдерінің элементтері көп мөлшерде сақталған дәуірлік ерекшелігі бар кітаби тіл ретінде сипатталады. Сөйтіп, тарихи жазба мұраларға этимологиялық зерттеулер жасау парсы тіліндегі нұсқалардағы түркі тілінің, шағатай-түркі тіліндегі нұсқалардағы парсы және басқа тілдердің кірігуіне қарай отырып, тарихи тұжырым жасау алдағы ғылыми зерттеудің маңызын арттыра түсетіні анық. Соңғы уақытта Шағатай ұлысы тарихын сипаттайтын жазба деректемелерді қазақ тіліне аударып, ғылыми айналымға түсірудің маңыздылығы артып келеді. Бұл топтағы ғылыми жұмысты кешенді түрде атқару Отан тарихының көмескі тұстарын анықтауға зор мүмкіндік береді. Мақала біздің алдағы уақытта осындай ортағасырлық шығармаларды терең әрі жан-жақты зерттеп-зерделеудің бастамасы ретінде қолға алынды.

### Әдебиеттер

- Ахмедов, 1985 — *Ахмедов Б.А.* Историко-географическая литература Средней Азии XVI–XVIII вв. (Письменные памятники). Ташкент: Фан, 1985. 262 с.
- Бартольд, 1898 — *Бартольд В.В.* Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Часть 1. Санкт-Петербург: Типография Императорской Академии наук, 1898. 763 с.
- Бартольд, 1963 — *Бартольд В.В.* Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Часть 1. М.: Издательство Восточной литературы, 1963. 760 с.
- Бартольд, 1964 — *Бартольд В.В.* Улугбек и его время. Сочинения. Т. II. Ч. 2. М: «Наука», 1964. С. 25–199.
- ИКПИ, 2005 — *ИКПИ: История Казахстана в персидских источниках* 1 том. Алматы: Дайк-пресс, 2005. 410 с.
- ИКПИ, 2006 — *ИКПИ: История Казахстана в персидских источниках.* Том 3. (Муизз ал Ансаб). Алматы: Дайк-пресс, 2006. 672 с.
- КТМД, 2006 — *КТМД: Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері.* I том. Алматы: Дайк-Пресс, 2006. 400 б.

- МИКХ, 1969 — *МИКХ*: Материалы по истории казахских ханств XV–XVIII веков (извлечения из персидских и тюркских сочинений). Алма-Ата: Наука, 1969. 650 с.
- Рашид ад-Дин, 1952 (I, 1.) — *Рашид ад-дин*. Сборник летописей // Том I. Кн. 1. М.-Л.: Изд. Академии наук СССР, 1952. 221 с.
- Рашид ад-дин, 1952 (I, 2.) — *Рашид ад-дин*. Сборник летописей. Т. I. Книга вторая. М.-Л.: Изд. АН СССР, 1952. 281 с.
- Рашид ад-дин, 1960 — *Рашид ад-дин*. Сборник летописей. Т. II. М.-Л.: Изд. АН СССР, 1960. 316 с.
- Сабитов, 2010 — *Сабитов Ж.М.* Рецензия на новый перевод Муизз ал Ансаб // Золотоордынская цивилизация. Казань: Изд. «Фэн» АН РТ, 2010. № 3. С. 236–244.
- Стори, 1972 — *Стори Ч.А.* Персидская литература. Библиографический обзор / Пер. с англ., перер. и доп. Ю.Э. Брегель. Т. III. М: Главная редакция Восточной литературы, 1972. 818 с.
- Султанов, 1994 — *Султанов Т.И.* «Му'изз ал-Ансаб» и Чингизды «Кижэ» // Восток. № 6. 1994. С. 81–87.
- Bloch, 1905 — *Bloch E.* Catalogue des manuscrits persans de la Bibliotheque nationale. Vol. I. Paris: Imprimerie Nationale, 1905. Pp. 292–293.
- British library — Tavārīkh-i Guzīdah-yi Nuṣrat-nāmah (manuscript). (908 AH/1502-03 CE) British Library: Or 3222, 313 p. link: [https://www.bl.uk/manuscripts/FullDisplay.aspx?ref=Or\\_3222&index=1](https://www.bl.uk/manuscripts/FullDisplay.aspx?ref=Or_3222&index=1)
- Juwayni, 1912 — *Juwayni Ala'u 'D-Din Ata Malik-i.* Ta'rikh-i-jahan-gusha, 1912. 531 p. [Электронный ресурс] URL: <https://ia801508.us.archive.org/7/items/in.ernet.dli.2015.322637/2015.322637.Tarikh-i-jahan-gusha-Of.pdf>
- Muiz al-ansab, 1501 — *Muizz al-ansb fi šarat al-ansb* (Муизз аль-ансаб). (1501–1600). Source gallica.bnf.fr // Bibliothèque nationale de France. Département des Manuscrits. Persan 67. 183 p. [Электронный ресурс] URL: <https://gallica.bnf.fr/services/engine/search/sru?operation=searchRetrieve&version=1.2&query=%28dc.title%20all%20%22MU%CA%BFIZZ%20al-ANS%C4%80B%20f%C4%AB%20%C5%A0A%C7%A6RAT%20al-ANS%C4%80B%22%29&keywords=MU%CA%BFIZZ%20al-ANS%C4%80B%20f%C4%AB%20%C5%A0A%C7%A6RAT%20al-ANS%C4%80B&suggest=3>
- Ögel, 1964 — *Ögel Bahaeddin* Sino-Turcica (Cengiz Han ve Çin'deki Hanedanın Türk Müşavirleri), 1964. 412 p. (In Turk.)
- Rashīdal-Dīn, 1999 — *Rashīdal-Dīn Ṭabīb.* Rashiduddin Fazlullah's Jami'u't-tawarikh = Compendium of chronicles. Translated by W.M. Thackston. Cambridge, MA: Harvard University, Dept. of Near Eastern Languages and Civilizations, 1999. 379 p.
- Richard, 1989 — *Richard F.* Catalogue des manuscrits persans. I. Ancian fonds. Paris: Bibliothèque nationale, 1989. 97 p.
- Rieu, 1879 — Rieu C. Catalogue of the Persian Manuscripts in the British Museum. Vol. I. Oxford: Oxford University Press, 1879. 183 p.
- Rieu, 1888 — Charles Rieu. Catalogue of the turkish Manuscripts in the British Museum. London: British Museum, 1888. Pp. 276–280.
- Togan, 1950 — Togan Z.V. Tarihde usul. Istanbul: Enderun Kitapevi, 1950. 384 p.

### References

- Akhmedov, 1985 — *Akhmedov B.A.* Istoriko-geograficheskaya literatura Sredney Azii XVI–XVIII vv. (Pis'mennyye pamyatniki) [Historical and geographical literature of Central Asia of the 16th–18th centuries (Written monuments)]. Tashkent: Fan, 1985. 262 p. (In Russ.).
- Bartol'd, 1898 — *Bartol'd V.V.* Turkestan v epokhu mongol'skogo nashestviya [Turkestan Down to the Mongol Invasion]. Chast' I. Sankt-Peterburg: Tipografiya Imperatorskoy Akademii nauk, 1898. 763 p. (In Russ.).
- Bartol'd, 1963 — *Bartol'd V.V.* Turkestan v epokhu mongol'skogo nashestviya [Turkestan Down to the Mongol Invasion]. Moscow: Nauka, 1963. 763 p. (In Russ.).
- Bartol'd, 1964 — *Bartol'd V.V.* Ulugbek i yego vremiya [*Ulugbek and his time*]. // Bartol'd V.V. Sochineniya. Vol. II. Moscow: Izdatel'stvo Vostochnoy literatury, 1964. Pp. 25–199. (In Russ.).
- Bloch, 1905 — *Bloch E.* Catalogue des manuscrits persans de la Bibliotheque nationale [A Catalog of Persian manuscripts of the National Library]. Vol. I. Paris: Paris: Imprimerie Nationale, 1905. Pp. 292–293. (In Fr.).
- British library — Tavārīkh-i Guzīdah-yi Nuṣrat-nāmah (manuscript). (908 AH/1502-03 CE) British Library: Or 3222, 313 p. link: [https://www.bl.uk/manuscripts/FullDisplay.aspx?ref=Or\\_3222&index=1](https://www.bl.uk/manuscripts/FullDisplay.aspx?ref=Or_3222&index=1)
- IKPI, 2005 — *IKPI*: Istoriya Kazakhstana v persidskikh istochnikov [History of Kazakhstan in Persian Sources]. 1-tom. Almaty: Dayk-press, 2005. 410 p. (In Russ.).
- IKPI, 2006 — *IKPI*: Istoriya Kazakhstana v persidskikh istochnikov. 3-tom. Almaty: Dayk-press, 2006. 672 p. (In Russ.).
- Juwayni, 1912 — *Juwayni Ala'u 'D-Din Ata Malik-i.* 1912. Ta'rikh-i-jahan-gusha. 531 p. [Электронный ресурс] URL: <https://ia801508.us.archive.org/7/items/in.ernet.dli.2015.322637/2015.322637.Tarikh-i-jahan-gusha-Of.pdf>
- Muiz al-ansab — *Muizz al-ansb fi šarat al-ansb* (Муизз аль-ансаб) [Muiz al-ansab]. (1501–1600). Source gallica.bnf.fr / Bibliothèque nationale de France. Département des Manuscrits. Persan 67. 183 r. [Elektronnyyresurs]. URL: <https://gallica.bnf.fr/services/engine/search/sru?operation=searchRetrieve&version=1.2&query=%28dc.title%20al%20%22MU%CA%BFIZZ%20al-ANS%C4%80B%20f%C4%AB%20%C5%A0A%C7%A6RAT%20al-ANS%C4%80B%22%29&keywords=MU%CA%BFIZZ%20al-ANS%C4%80B%20f%C4%AB%20%C5%A0A%C7%A6RAT%20al-ANS%C4%80B&suggest=3>
- Ögel, 1964 — *Ögel Bahaeddin.* Sino-Turcica (Cengiz Han ve Çin'deki Hanedanın Türk Müşavirleri) [Sino-Turcica (Genghis Khan and the Turkish Advisers of the Dynasty in China)]. 1964. 412 p. (In Turk.)

- QTMD, 2006 — *QTMD: Qazaqstan taryhy turaly moñğol derektemeleri [History of Kazakhstan in Mongolian Sources]*. I-tom. Almaty: Dayk-Press, 2006. 400 b. (In Kaz.).
- Rashid ad-din, 1952 (I, 2.) — *Rashid-ad-din*. Sbornik letopisey [Compendium of Chronicles]. T. I. Kniga vtoraya. Moscow-Leningrad: Izdatel'stvo AN SSSR, 1952. 281 p. (In Russ.).
- Rashid ad-Din, 1952 (I,1.) — *Rashid-ad-din*. Sbornik letopisey [Compendium of Chronicles]. // Tom I. Kn. 1. Moscow-Leningrad: Izdatel'stvo Akademii nauk SSSR, 1952. 221 p. (In Russ.).
- Rashid ad-din, 1960 — *Rashid ad-din*. Sbornik letopisey [Compendium of Chronicles]. T. II. Moscow-Leningrad: Izdatel'stvo AN SSSR, 1960. 316 p. (In Russ.).
- Rashīdal-Dīn, 1999 — *Rashīdal-DīnṬabīb*. Rashiduddin Fazlullah's Jami'u', t-tawarikh = Compendium of chronicles. Translated by W.M. Thackston. [Compendium of chronicles]. Cambridge, MA: Harvard University, Dept. of Near Eastern Languages and Civilizations, 1999. 379 p.
- Richard, 1989 — *Richard F.* Catalogue des manuscrits persans [Catalogue of the Persian manuscripts]. I. Ancian fonds. Paris: Bibliothèque nationale, 1989. 97 p. (In Fr.)
- Rieu, 1879 — *Rieu C.* Catalogue of the Persian Manuscripts in the British Museum. Vol. I. Oxford: Oxford University Press, 1879. 183 p.
- Rieu, 1888 — *Charles Rieu*. Catalogue of the turkish Manuscripts in the British Museum. London: British Museum, 1888. Pp. 276–280.
- Sabitov, 2010 — *Sabitov Zh.M.* Retsenziya na novyy perevod Muizz al Ansab [Review of the new translation of Muizz al Ansab] // Zolotoordynskaya tsivilizatsiya. Kazan': Izd. «Fen» AN RT, 2010. No. 3. Pp. 236–244. (In Russ.).
- Stori, 1972 — *Stori Ch.A.* Persidskaya literatura. Biobibliograficheskiy obzor [Persian Literature. A Bio-Bibliographical Survey] / Per. s angl., perer. i dop. YU.E. Bregel'. T.SH. Moscow: Glavnaya redaktsiya Vostochnoy literatury, 1972. 818 p. (In Russ.).
- Sultanov, 1994 — *Sultanov T.I.* «Mu'izz al-Ansab» i Chingizdy «Kizhe» [Muizz al-Ansab and Chingizids Kizhe]. // Vostok. No. 6. 1994. Pp. 81–87. (In Russ.).
- Tavāriḫ-i Guzīdah-yi Nuṣrat-nāmāh (manuscript). (908 AH/1502-03 CE) British Library: Or 3222. 313 r. link: [https://www.bl.uk/manuscripts/FullDisplay.aspx?ref=Or\\_3222&index=1](https://www.bl.uk/manuscripts/FullDisplay.aspx?ref=Or_3222&index=1)
- Togan, 1950 — *Togan Z.V.* Tarihde usul. Istanbul: Enderun Kitapevi. [Procedure in history]. 1950. 384 p. (In Tur.)
- Materialy po istorii kazakhskikh khanstv, 1969 — *Materialy po istorii kazakhskikh khanstv XV – XVIII vekov (izvlecheniya iz persidskikh i tyurkskikh sochineniy)* [Materials on the History of Kazakh Khan-ates in the 15th–18th centuries (extracts from Persian and Turkic writings)]. Alma-Ata: Nauka, 1969. 650 p. (In Russ.).



## МАЗМҰНЫ

### ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

<b>Деннингхаус В., Джиеналиев Е.К., Раздыков С.З.</b> XIX ҒАСЫРДЫҢ 2 ЖАРТЫСЫ МЕН XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ НЕМІСТЕРДІҢ ҚАЗАҚСТАНДА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ БЕЙІМДІЛІГІНІҢ ТАРИХИ АСПЕКТІЛЕРІ.....	289
<b>Серғалиев М.Х.</b> ТАРИХИ ЖАДЫ: ӘСКЕРИ КОЛЛАБОРАЦИОНИЗМНІҢ СЕБЕПТЕРІ МЕН ШАРТТАРЫ («ТҮРКІСТАН ЛЕГИОНЫ» МЫСАЛЫНДА).....	303

### ТАРИХ

<b>Асылбекова Ж. М-А., Апендиев Т.Ә., Омарова Г.А.</b> 1991–2009 ЖЖ. ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕ.....	318
<b>Жиренов А.А., Ошан Ж.</b> «МУ‘ИЗЗ АЛ-АНСАБ» ЕҢБЕГІНДЕГІ ШАҒАТАЙ ХАН УӘЗІРЛЕРІ.....	333
<b>Ибраева А.Ғ., Мәлікова С.З., Темірханова Ә.С.</b> АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ АЙДАРХАН ТҮРЛЫБАЕВ ПЕН ЕРЕЖЕП ИТБАЕВТЫҢ ҚЫЗМЕТІ...347	
<b>Қабыл А.Ә., Түрсүн Х.М., Әбікей А.М.</b> АУАҚӨШУШІЛЕР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫ.....	361
<b>Қапбаров Г.Ш., Шашаев Ә.К., Қарибаев С.У.</b> ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЛҒАШҚЫ ЖИЫРМА ЖЫЛДЫҒЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХИ-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ (1991–2011 ЖЖ.).....	373
<b>Қасымбекова М.Ә.</b> БАТЫС ЖӘНЕ РЕСЕЙ ЗЕРТТЕУШІЛЕРІ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ СОПЫЛЫҚТАҒЫ ӘУЛИЕЛІК МӘСЕЛЕСІ...387	
<b>Қуанбай О.Б.</b> АБЫЛАЙ СҰЛТАННЫҢ БАШҚҰРТ КӨТЕРІЛІСІ САЛДАРЫНА ЫҚПАЛЫ (1735–1740 жж.).....	398
<b>Қозыбаева М.М., Қаипбаева А.Т.</b> ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ МАРГИНАЛДАР: САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫНАН АЙЫРЫЛҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ МЕН БЕЙІМДЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	411
<b>Нурпенсова Э.Т., Әбіл Е.А., Буканова Р.Г.</b> ЕЛДЕС ОМАРОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ.....	424
<b>Оралова А.А.</b> ҚОЖАБЕРГЕН САРДАРДЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ МЕН КҮРЕСКЕРЛІК КЕЛБЕТІ ТУРАЛЫ КЕЙБІР ДЕРЕКТЕР...435	
<b>Стамшалов Е.И.</b> XX ҒАСЫРДЫҢ 20-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚЫТАЙ МЕН КЕҢЕСТІК РЕСЕЙ ШЕКАРА ҚЫЗМЕТТЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫ.....	447
<b>Төлебаев Т.А., Құрманалина Н.Н., Илгидаева С.М.</b> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АРХИВ ІСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ.....	462
<b>Уалтаева А.С., Марғұлан А.С., Омарова Г.А.</b> XX ҒАСЫРДЫҢ 20–30 ЖЖ. ҚАЗАҚСТАН ДАМУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ФЕНОМЕНІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	478
<b>Ужкенов Е.М., Смағұлов Б.К.</b> «ҚАЗАҚ ОРДАСЫНАН» «ҚЫРҒЫЗ ДАЛАСЫНА» ДЕЙІН: ОРЫС ТАРИХНАМАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТЕРРИТОРИЯСЫН ҚАБЫЛДАУДЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ (XVI – XX Ғ. БАСЫ).....	492

### АНТРОПОЛОГИЯ

<b>Сакенов С.</b> ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕГІ ҚОСЫМША ЖЕРЛЕУ ҚҰРЫЛЫСТАРЫН ЖӘНЕ ҚАБІРЛЕРДІ ЕКІНШІ РЕТ ПАЙДАЛАНУЫ (СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ).....	507
---	-----

## СОДЕРЖАНИЕ

## ТЕОРИЯ И МЕТОДОЛОГИИ

<b>Деннингхаус В., Джиеналиев Е.К., Раздыков С.З.</b> ИСТОРИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ И КУЛЬТУРНОЙ АДАПТАЦИИ НЕМЦЕВ В КАЗАХСТАНЕ ВО 2 ПОЛОВИНЕ XIX – НАЧАЛЕ XX ВВ.....	289
<b>Сергалiev М.Х.</b> ИСТОРИЧЕСКАЯ ПАМЯТЬ: ПРИЧИНЫ И УСЛОВИЯ ВОЕННОГО КОЛЛАБОРАЦИОНИЗМА НА ПРИМЕРЕ «ТУРКЕСТАНСКОГО ЛЕГИОНА».....	303

## ИСТОРИЯ

<b>Асылбекова Ж. М-А., Апендиев Т.А., Омарова Г.А</b> КВОПРОСУ О ЗАНЯТОСТИ НАСЕЛЕНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН В 1991–2009 ГГ.....	318
<b>Жиренов А.А., Ошан Ж.</b> ВИЗИРИ ЧАГАТАЙ ХАНА В ТРУДЕ «МУ‘ИЗЗ АЛ-АНСАБ».....	333
<b>Ибраева А.Г., Маликова С.З., Темирханова А.С.</b> ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ АЙДАРХАН ТУРЛЫБАЕВА И ЕРЕЖЕП ИТБАЕВА В ПЕРИОД ДВИЖЕНИЯ АЛАШ.....	347
<b>Кабыл А.А., Турсун Х.М., Абикей А.М.</b> ОТКОЧЕВНИКИ – ЖЕРТВЫ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИИ.....	361
<b>Капбарова Г.Ш., Шашаев А.К., Карибаев С.У.</b> ИСТОРИКО-ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ ПОЛОЖЕНИЕ ЮЖНОГО КАЗАХСТАНА В ПЕРВОМ ДВАДЦАТИ ЛЕТИ НЕЗАВИСИМОСТИ (1991–2011 ГГ.).....	373
<b>Касимбекова М.А.</b> ПРОБЛЕМА СВЯТОСТИ В СУФИЗМЕ В ТРУДАХ ЗАПАДНЫХ И РОССИЙСКИХ ИССЛЕДОВАТЕЛЕЙ....	387
<b>Куанбай О.Б.</b> ВЛИЯНИЕ АБЫЛАЙ-СУЛТАНА НА ПОСЛЕДСТВИЯ БАШКИРСКОГО ВОССТАНИЯ (1735–1740 гг.).....	398
<b>Козыбаева М.М., Каипбаева А.Т.</b> ПОЛИТИЧЕСКИЕ РЕПРЕССИИ И МАРГИНАЛЫ В ГОРОДАХ КАЗАХСТАНА В 1920–1930-Х ГГ.: ПРАВОВОЙ СТАТУС И ПРОБЛЕМЫ АДАПТАЦИИ ЛИШЕНЦЕВ.....	411
<b>Нурпенsoва Э.Т., Абиль Е.А., Буканова Р.Г.</b> ЖИЗНЬ И ПРОСВЕТИТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ЕЛДЕСА ОМАРОВА.....	424
<b>Оралова А.А.</b> НЕКОТОРЫЕ ИСТОЧНИКИ О ПРОИСХОЖДЕНИИ И БОЕВОМ ОБЛИКЕ САРДАРА КОЖАБЕРГЕНА.....	435
<b>Стамшалов Е.И.</b> ПОГРАНИЧНЫЕ СЛУЖБЫ КИТАЯ И СОВЕТСКОЙ РОССИИ И КАЗАХСКИЕ БЕЖЕНЦЫ В 20-Е ГОДЫ XX ВЕКА.....	447
<b>Тулeбаев Т.А., Курманалина Н.Н., Илгидаева С.М.</b> ИССЛЕДОВАНИЕ АРХИВНОГО ДЕЛА В РЕСУПУБЛИКЕ КАЗАХСТАНА.....	462
<b>Уалтаева А.С., Маргулан А.С., Омарова Г.А.</b> ФОРМИРОВАНИЕ СОЦИОКУЛЬТУРНОГО ФЕНОМЕНА РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА В 20–30-Х ГГ. XX ВЕКА.....	478
<b>Ужкенов Е.М., Смагулов Б.К.</b> ОТ «КАЗАЧЬЕЙ ОРДЫ» ДО «КИРГИЗСКОЙ СТЕПИ»: ЭВОЛЮЦИЯ ВОСПРИЯТИЯ ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА В РУССКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ (XVI – НАЧАЛЕ XX ВВ.).....	492

## АНТРОПОЛОГИЯ

<b>Сакенов С.</b> ПРИСТРОЙКИ И ВТОРИЧНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПОГРЕБАЛЬНЫХ СООРУЖЕНИЙ В РАЗНЫЕ ИСТОРИЧЕСКИЕ ПЕРИОДЫ (ПО МАТЕРИАЛАМ СЕВЕРНОГО КАЗАХСТАНА).....	507
--	-----

## CONTENTS

## THEORY OF METHODOLOGY

**Denninghaus V., Jiynaliyev Ye.K., Razdykov S.Z.**

HISTORICAL ASPECTS OF ECONOMIC AND CULTURAL ADAPTATION OF GERMANS IN KAZAKHSTAN IN THE 2ND HALF OF THE XIX – EARLY XX CENTURIES.....289

**Sergaliev M.Kh.**

HISTORICAL MEMORY: REASONS AND CONDITIONS OF MILITARY COLLABORATION BY THE EXAMPLE OF THE «TURKESTAN LEGION».....303

## HISTORY

**Assylbekova Zh.M.-A., Apendiyev T.A., Omarova G.A.**

ON THE ISSUE OF EMPLOYMENT OF THE POPULATION IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN IN 1991–2009.....318

**Zhirenov A.A., Oshan Zh.**

THE VIZIERS OF CHAGATAI KHAN IN THE WORK "MU'IZZ UL-ANSAB".....333

**Ibrayeva A.G., Malikova S.Z., Temirkhanova A.S.**

ACTIVITIES OF AIDARKHAN TURLYBAYEV AND EREZHEP ITBAEV DURING THE ALASH MOVEMENT.....347

**Kabyl A., Tursun Kh., Abikey A.**

NOMAD MIGRANTS AS VICTIMS OF POLITICAL REPRESSIONS.....361

**Kapbarova G., Shashaev A. Karibaev S.**

HISTORY-DEMOGRAPHIC SITUATION OF SOUTHERN KAZAKHSTAN DURING THE FIRST TWENTY YEARS OF INDEPENDENCE (1991–2011).....373

**Kasimbekova M.A.**

THE PROBLEM OF HOLINESS IN SUFISM IN THE WORKS OF WESTERN AND RUSSIAN RESEARCHERS.....387

**Kuanbay O.B.**

ABLAI SULTAN'S INFLUENCE ON THE CONSEQUENCES OF THE BASHKIRS REBELLION (1735–1740).....398

**Kozybayeva M.M., Kaipbayeva A.T.**

POLITICAL REPRESSIONS AND MARGINALIZED PEOPLE IN THE CITIES OF KAZAKHSTAN IN THE 1920–1930S: LEGAL STATUS AND PROBLEMS OF ADAPTATION OF DISENFRANCHISED PEOPLE.....411

**Nurpeissova E.T., Abil Ye., Bukanova R.**

THE LIFE AND EDUCATIONAL ACTIVITIES OF ELDES OMAROV.....424

**Oralova A.A.**

SOME SOURCES ABOUT THE ORIGIN AND BATTLE APPEARANCE OF SARDAR KOZHABERGEN.....435

**Stamshalov Ye.I.**

BORDER SERVICES OF CHINA AND SOVIET RUSSIA AND KAZAKH REFUGEES IN THE 20S OF THE XX CENTURY.....447

**Tulebaev T.A., Kurmanalina N.N., Ilgidaeva S.M.**

RESEARCH OF ARCHIVAL BUSINESS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN.....462

**Ualtayeva A.S., Margulan A.S., Omarova G.A.**

FORMATION OF THE SOCIO-CULTURAL PHENOMENON OF KAZAKHSTAN DEVELOPMENT IN THE 20–30S OF THE 20TH CENTURY.....478

**Ujkenov E.M., Smağulov B.Q.**

FROM THE “KAZAK HORDE” TO THE “KIRGIZ STEPPE”: THE EVOLUTION OF UNDERSTANDING THE TERRITORY OF THE KAZAK KHANATE IN RUSSIAN HISTORIOGRAPHY (XVI – EARLY XX CENTURIES).....492

## ANTHROPOLOGY

**Sakenov S.**

EXTENSIONS AND SECONDARY USE OF FUNERAL STRUCTURES IN DIFFERENT HISTORICAL PERIODS (BASED ON MATERIALS OF NORTHERN KAZAKHSTAN).....507

**EDU.E-HISTORY.KZ**

электрондық ғылыми журналы 2024. 11 (2)

*Бас редактор:*  
*Қабылдинов З.Е.*

*Компьютерде беттеген:*  
Копеева С.Ж.

Жарияланған күні: 25.06.2024.  
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 21,125.

*Құрылтайшысы және баспагері:*

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй  
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК Тел.: +7 (727)  
261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: [edu.history@bk.ru](mailto:edu.history@bk.ru)

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:  
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй